АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ЖАСТАР САЯСАТЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫ»
ММ**

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
**ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ПО
ВОПРОСАМ МОЛОДЕЖНОЙ
ПОЛИТИКИ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

030010, Актөбе қаласы,
тел: 8 /7132/ 54-86-68

030010, г. Актобе
пр.Абилкайыр хана 40
тел: 8/7132/ 54-86-68

27.03.2025 №04-21/157

**«Қармақшы жастары»
жастар қоғамдық
бірлестігінің төрағасы
Б. Бәйділдаевке**

*Сіздің 2025 жылғы 17 наурыздағы
№ 248943 шағымыңызға*

Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы № 14168351-2 (лот № 74982844-ГСЗ1) Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу туралы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша хаттамаға қатысты шағымыңызды қарап келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттарының 5 тармағы әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар туралы мәліметтер бойынша **4 балл** мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) Бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес **жеткілікті өтілі мен біліктілігі болған жағдайда беріледі**.

Мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып білім туралы дипломдар, тиісті тақырып бойынша курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар және еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші «AJ production» қоғамдық қоры жастар қоғамдық бірлестігі әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар ретінде жоба жетекшісі **Ө. Мұқақ,** жоба менеджерлері ретінде **А. Ерғазин, Ж. Кенесов, Е. Байдырахманов**

құжаттарын ұсынған. Ұсынылған құжаттарға сәйкес жоба менеджерлері жоғарғы білімді және «Қазақстан КВН одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің **«Редакторларды оқыту» семинарына** қатысқаны үшін сертификаттары ұсынылған. Ал, еңбек өтіліміне аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер берілген. **Осылайша, Еңбек өтілімін растайтын** Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың болмауына байланысты бағалау нәтижесі қайта қаралып, 2 балл шегінде бекітілуі тиіс.

Әлеуетті өнім беруші «PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігінің ұсынған жобасы Тапсырыс берушінің **техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес** және барлық **тиісті бөлімдермен қамтылған**.

Жоғарыда баяндалған негізде, Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу туралы конкурстық комиссия мүшелерімен әлеуетті өнім беруші «AJ production» жастар қоғамдық қорының конкурс құжаттамалары қайта қаралып, тиісті өзгертулер енгізілетін болады.

Басқарма басшысы **М. Ермағанетов**

Орындаған: Н. Мусин
Телефон +7 7132 742 890
n.musin@aktobe.gov.kz